

Білім алушыларға нұсқаулық

Шетел азаматы Қазақстан Республикасына (ҚР) **келген күннен бастап 5 күннің ішінде** келген мекен-жайы бойынша тіркелуге міндетті. Ол үшін студент университеттің Халықаралық ынтымақтастық бөліміне жеке басын куәландыратын ұлттық төлқұжатын және шекаралық бақылау органының ҚР кіру туралы мөрі басылған көші-қон карточкасын алып келуі тиіс.

Шетел азаматы келуі туралы көші-қон карточкасын жоғалтып (бүлдіріп) алса, өзі тіркелген мекен-жай бойынша Астана қаласының Ішкі Істер Департаментінің Көші-қон полициясы басқармасына баруы қажет.

Ұлттық паспорттарының мерзімі аяқталып жатқан шетелдік азаматтар паспорттың мерзімін ұзартып немесе оларды алмастыруға және ХЫБ-не тапсыруға міндетті.

Егер шетелдік студент нақты мекен-жайын, тегін, аты-жөнін, туылған күнін өзгертетін болса және жаңа ұлттық төлқұжат алса, ол туралы Халықаралық ынтымақтастық бөліміне келіп 5 күн ішінде хабарлауы тиіс.

Шетелдік азаматтар шетелге шығуға қажет жағдайда сапарға шығу рұқсатын рәсімдеу үшін ХЫБ-не келуге міндетті. Арнайы рұқсатсыз басқа мемлекеттерге шығуға және тұрғылықты орнын ауыстыруға тыйым салынады.

Шетелдік студент ҚР территориясына қайта келгенде келген күннен бастап 5 күннің ішінде тіркеуге тұру үшін ХЫБ-не жеке басын куәландыратын ұлттық төлқұжатын және шекаралық бақылау органының ҚР кіру туралы мөрі басылған көші-қон карточкасын алып келуі тиіс.

Қазақстан Республикасына келген шетелдік студенттер жоғарыда көрсетілген тәртіпті және ҚР мемлекеттік шекарасынан өту тәртібін бұзатын болса, мекен-жайы бойынша тіркелмесе, тіркелу уақытынан кешіккен жағдайда, заңсыз еңбек еткен жағдайда және өзі туралы жалған мәліметтер берсе, ҚР аумағында заңсыз жүрді деп есептеліп ҚР заңдары бойынша жауапкершілікке тартылады.

Шетелдік азамат оқу орнын бітірген соң немесе оқудан шығарылса, ХЫБ белгілеген мерзімге дейін ҚР-нан шығуы тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін Халықаралық ынтымақтастық бөліміне хабарласыңыз (Астана қаласы, Жеңіс даң.62, Бас ғимарат, 611 к., тел.: +7 (71 72) 31 77 19).